

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газға ваучер беру нормасын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 12 маусымдағы № 32/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Газ және газбен жабдықтау туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 440, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 759/НҚ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 446, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі – Премьер-Министрінің орынбасарының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газға ваучер беру" қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу туралы" 2024 жылғы 5 желтоқсандағы № 107 бірлескен бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р. В. Склярдың 2025 жылғы 25 сәуірдегі хаттамалық тапсырмасына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газға ваучер беру нормаларын осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Әкімдіктің осы қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 12 маусымдағы
№ 32/01 қаулысына
қосымша

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газға ваучер беру нормасы

№	Тауарлық газ тұтыну сипаттамасы	Жылыту маусымындағы айлық норма, м ³	Жылыту маусымынан тыс кезеңдегі айлық норма, м ³
1.	Жылыту қазандығы, газ плитасы және су	880	148

жылытқышы бар тұрмыстық шаруашылық		
---------------------------------------	--	--

Аббревиатураларды толық жазылуы:

м³ – текше куб;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК